

Қырықүй ауылындағы көшеге ат қою туралы

Павлодар облысы Ақтоғай ауданы Шолақсор селолық округ әкімінің 2009 жылғы 23 қарашадағы N 7 шешімі. Павлодар облысы Ақтоғай ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 10 желтоқсанда N 12-4-72 тіркелген

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35, 37 баптарына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабы 4-тармағына сәйкес және тиісті Қырықүй ауылының тұрғындарының пікірін ескере отырып

ШЕШІМ

қабылдаймын:

1. Қырықүй ауылындағы атауы жоқ көшесіне "Целинная" атауы берілсін.
2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.
3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

округінің әкімі

Н. Хмарун

Шолақсор

селолық